

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/JWNE6227>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕГІ ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/BYEM1349>**Н. Ж. Исембаева**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-4771-767X>

*e-mail: nabat_isembaeva@mail.ru

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттердің цифрлық ортадағы мінез-құлқының этикалық аспектілері жан-жақты әрі толық қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – болашақ педагогтердің ғаламтор мен әлеуметтік желілердегі мінез-құлқын анықтау және талдау. Атап айтқанда, академиялық адалдықты сақтау деңгейі, медиасауаттылықты дамыту, киберэтикет қағидаларын сақтау, сондай-ақ жеке деректерді қорғау тәжірибесі зерттелді.

Зерттеу барысында сауалнама, жартылай құрылымдалған сұхбаттар және контент-талдау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелер көрсеткендей, педагогикалық мамандықтардағы студенттердің цифрлық ортадағы этикалық нормаларды сақтау деңгейі төмен, әрі бірқатар маңызды мәселелер кеңінен таралған. Атап айтқанда, академиялық адалдықты сақтамау, жалған ақпарат тарату, жеке деректерді қорғауға немқұрайлы қарау, сондай-ақ әлеуметтік желілерде кибербуллинг пен дөрекі мінез-құлық жиі кездеседі. Бұл жайттар болашақ педагогтердің кәсіби этикасы мен цифрлық мәдениетін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Мақалада оқу бағдарламаларына цифрлық этика мен медиасауаттылық бойынша арнайы пәндерді енгізу, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру, сондай-ақ студенттерге арналған әлеуметтік желілерде мінез-құлық кодексін әзірлеу ұсынылады.

Сонымен қатар, зерттеу цифрлық ортада болашақ педагогтердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған нақты ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды қамтиды. Мақаладағы материал қазіргі заман талаптарына сәйкес педагогтерді жан-жақты даярлауға әдістемелік негіз қалыптастырады және цифрлық этика мәселелерін кешенді шешудің қажеттілігін дәлелдейді.

Кілтті сөздер: цифрлық кеңістік, цифрлық этика, академиялық адалдық, медиасауаттылық, киберэтикет, цифрлық мәдениет.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғамда цифрлық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе жоғары оқу орындарының (ЖОО) студенттері үшін цифрлық кеңістік – білім алу, қарым-қатынас орнату және өзін-өзі дамыту үдерісінің негізгі құралына айналып отыр. Олар ғаламтор мен әлеуметтік желілерді, онлайн платформаларды белсенді пайдалана отырып, цифрлық ортада өзара қарым-қатынас жасайды. Бұл олардың мінез-құлқына, қарым-қатынас мәдениетіне және этикалық ұстанымдарына жаңа талаптар қойып, цифрлық ортадағы этикалық жауапкершілікті қайта қарастыру қажеттілігін туындатып отыр.

Студенттердің цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынасы тек техникалық дағдылармен шектелмейді. Бұл ортада олар академиялық адалдық, киберэтика, әлеуметтік желілердегі мінез-құлық, жеке деректерді қорғау және авторлық құқық сияқты маңызды мәселелермен бетпе-бет келеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда цифрландыру үдерісі қарқын алғанымен, жастардың цифрлық сауаттылығы мен этикалық нормаларды сақтау деңгейі біркелкі емес. Бірқатар зерттеулер студенттер арасында цифрлық этикаға сай келмейтін әрекеттер – плагиат, кибербуллинг, жалған ақпарат тарату сияқты құбылыстардың жиілеп бара жатқанын көрсетеді. Бұл құбылыстар тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас академиялық және әлеуметтік ортаның құндылықтарына әсер етеді. Сондықтан қазіргі уақытта студенттердің цифрлық кеңістіктегі этикалық мінез-құлқы өзекті мәселеге айналууда.

ЖОО студенттерінің цифрлық ортадағы мінез-құлқын этикалық тұрғыдан зерттеу олардың цифрлық мәдениетін арттыруға, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға және сапалы білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Бұл зерттеу студенттердің цифрлық кеңістіктегі әрекеттерін зерделей отырып, олардың этикалық ұстанымдарын, жауапкершілік деңгейін және саналы цифрлық мәдениетті қалыптастыру жолдарын анықтауды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6B01102 – «Психология және білім беру менеджменті», 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламаларының студенттерімен жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – ЖОО студенттерінің цифрлық кеңістіктегі мінез-құлқын этикалық тұрғыдан зерделеу. Зерттеу нысаны ретінде 18–22 жас аралығындағы, бакалавриат деңгейінде білім алып жатқан студенттер алынды. Жалпы саны 120 студент зерттеуге ерікті түрде қатысты.

Деректер жинау үшін Google Forms платформасы негізінде арнайы сауалнама құрастырылды. Сауалнамада студенттердің цифрлық кеңістікте өздерін ұстау ерекшеліктері, этикалық ұстанымдары, академиялық адалдыққа қатысы, әлеуметтік желілердегі әрекеттері және жеке мәліметтермен жұмыс тәжірибесі қамтылды.

Сауалнама 20 сұрақтан тұратын жабық, жартылай ашық және ашық сұрақтар форматында дайындалды. Сонымен қатар, кейбір студенттермен тереңдетілген сұхбаттар жүргізілді ($n = 10$), олардан цифрлық ортадағы этикалық мәселелер бойынша нақты пікірлер алынды.

Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер кешені қолданылды:

- сауалнама әдісінде студенттердің цифрлық ортада жиі кездесетін жағдайларға (плагиат, кибербуллинг, жеке мәліметтерді жариялау, жалған ақпарат тарату) қалай қарайтыны және қандай әрекет ететіні сұралды.

- контент-талдау әдісінде респонденттердің келісімімен олардың әлеуметтік желідегі кейбір жазбалары мен пікірлері этикалық ұстанымдар тұрғысынан сарапталды.

- салыстырмалы және корреляциялық талдауда жиналған мәліметтер өңделіп, жиілік, пайыздық көрсеткіш, орташа мәні талданды.

Зерттеу басталмас бұрын барлық қатысушыларға зерттеудің мақсаты, шарттары мен құпиялық кепілдігі түсіндірілді. Барлық деректер анонимді түрде өңделді және тек ғылыми-зерттеу мақсаттарында қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Цифрлық орта – бұл білім алушылар мен оқытушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы өзара әрекеттесетін кеңістігі. Қазіргі таңда студенттер Zoom, Microsoft Teams, Moodle, Google Meet, Telegram сияқты платформаларда күнделікті жұмыс істейді. Бұл платформалар тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал ететін орта болғандықтан, цифрлық этика, яғни виртуалды кеңістіктегі мінез-құлық нормаларын сақтау өзекті мәселе ретінде алға шығып отыр.

Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста этикалық нормалардың маңыздылығы көптеген шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Apriliaswati мен Fitrianingrum зерттеулерінде онлайн оқыту кезінде студенттердің жауапкершілікті сезінбеуі мен талаптарды толық орындамауы цифрлық этиканы оқыту қажеттілігін көрсетеді дейді [1].

Balbaa, M. E., Abdurashidova, M., Khalikov, U. және Ismailova, N. зерттеулері студенттердің жеке деректерін қорғау, онлайн оқу барысындағы адалдық және жасанды интеллектіні этикалық тұрғыдан пайдалану мәселелерін көтереді [2].

Mahmoud Abou Naaaj және Mirna Nachouki ақпараттық технологиялар саласында оқитын студенттердің цифрлық этикаға қатысты білімі жоғары екенін, ал әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылардың көзқарасы сәл әлсіздеу екенін анықтайды [3]. Бұл мамандыққа байланысты этикалық бағдарлардың әртүрлілігін көрсетеді.

Назарова Ю. В. мен Анищенко О. С. виртуалды кеңістіктегі жаңа цифрлық этика қағидаларын ұсына отырып, басты назарды жеке деректерді қорғау, ақпараттың шынайылығы мен киберэтикетке аударады [4].

Шишкова цифрлық технологиялар тек білім беру процесін өзгертумен шектелмей, жаңа этикалық дилеммалар тудыратынын атап көрсетеді [5].

Қазақстандық зерттеушілер де білім беру жүйесінде цифрлық орта тек оқу құралы ғана емес, сонымен қатар студенттің тұлғалық дамуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени орта екенін көрсетеді.

Иргалиев А. бұл құбылысты “цифрлық әлеуметтену” ұғымымен сипаттап, оны тұлғаның ғаламтор мен әлеуметтік желілер арқылы құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін меңгеруі ретінде қарастырады [6].

Дюсембекова М., Амантаев Е. және Байшань Г. цифрлық технологиялардың білім беру саясатына әсерін, жастардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдысы мен онлайн әрекеттердегі жауапкершілігінің артқанын атап өтеді [7].

Сулейменова Ж. Т. мен Сейітказы П. Б. студенттердің ғаламтордағы пікір білдіруі, ақпарат таратуы мен желідегі өзара қарым-қатынасында цифрлық этиканы сақтау қажеттігін атап өтеді [8].

Цифрлық ортадағы мінез-құлық тұлғаның ішкі мәдениетінің, құндылықтарының және этикалық ұстанымдарының көрінісі. Бұл ұғымға келесілер кіреді:

- уақытты тиімді басқару;
- өз ойын сыпайы әрі нақты жеткізу;
- академиялық адалдықты сақтау;

- өзгелерге құрметпен қарау;
- желідегі қарым-қатынас әдебін сақтау.

Цифрлық ортада әрекет ету кезінде маңызды этикалық қағидалар төменде (1 кесте) берілген.

1-кесте – Цифрлық ортадағы этикалық қағидалар

Этикалық қағида	Қысқаша сипаттамасы	Студент үшін маңызы
Академиялық адалдық	Өз бетінше жұмыс істеу, плагиаттан бас тарту	Білімнің шынайылығын көрсетеді
Цифрлық ортадағы қарым-қатынас мәдениеті	Онлайн қарым-қатынас, сөйлесу әдебі	Құрдастарымен және оқытушымен этикалық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді
Құпиялылықты сақтау	Басқа адамдардың жеке ақпаратына құрметпен қарау	Сенімділік пен жауапкершілікті қалыптастырады
Төзімділік пен құрмет	Әртүрлі пікірлерге төзімді болу	Әлеуметтік үйлесімділікке жетелейді

Катушенко О. А. студенттердің цифрлық ортадағы кәсіби ұстанымдарын, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін талдай отырып, болашақ педагогтарды даярлау барысында цифрлық этикаға ерекше мән беру қажеттігін айтады [9].

Болашақ педагогтардың цифрлық этикеті – заманауи білім беру кеңістігінде жауапты қарым-қатынастың негізі болып табылады, әрі ол студенттердің цифрлық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, педагогикалық мамандықтарда білім алып жатқан студенттердің цифрлық этикетке қатысты көзқарастарын зерттеу мақсатында біз 120 студент арасында онлайн сауалнама жүргіздік. Сауалнама нәтижелері цифрлық кеңістіктегі мінез-құлықтың бірнеше этикалық аспектілерін ашып көрсетті:

– сауалнамаға қатысқан студенттердің басым бөлігі (90 %) Instagram, Telegram, TikTok әлеуметтік желілерін күнделікті белсенді қолданатыны анықталды. Threads, YouTube платформалары да танымал, студенттер орташа есеппен күніне 3-5 сағат уақытын осы желілерде өткізеді.

– ғаламтордағы әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну деңгейі орташа есеппен 65 % болды. Сонымен бірге, 20 % студенттер өз әрекеттеріне қатысты толық сенімді емес немесе жауапкершілікті сезінбейтіндігі байқалды.

– этикалық нормаларға көзқарас бойынша сауалнамаға қатысушы студенттердің 70 %-ы жазбаларын жарияламас бұрын этикалық жағын ескереді, қалған 30 % студент кейде немесе мүлде назар аудармайды.

– академиялық адалдық бойынша студенттердің 71 %-ы ғаламтордағы дайын материалдарды пайдаланатынын мойындайды. 28 %-ы мәнжазба, эссе немесе өзіндік жұмыстарын өз бетінше жазуға тырысатынын айтты.

– жеке мәліметтермен жұмыс бойынша 75 % студент цифрлық кеңістікте жеке деректерді (фото, телефон, орналасқан жері) көрсетпейтіндіктерін айтса, 30 %-ы жариялаудың қауіпті екенін білсе де бұған жол бергенін жасырмады.

– киберэтикет пен кибербуллинг мәселесі бойынша 46 % студент әлеуметтік желілерде дөрекі пікірлер мен агрессияға куә болғанын айтса, ал 11 % өздері де мұндай әрекеттерге қатысқанын айтты.

– жалған ақпарат тарату бойынша студенттердің 63 %-ы ақпараттың шынайылығын тексеруге тырысатынын айтса, 20 %-ы мұндай әрекетті маңызды деп санамайтынын көрсетті. Бұл болашақ педагогтардың медиасауаттылық деңгейіне қатысты мәселені тудырады.

Зерттеу нәтижелері студенттердің цифрлық кеңістікте этикалық ұстанымдарды толық меңгермегенін көрсетті. Бұл болашақ педагогтар үшін ерекше маңызды мәселе, өйткені олар тек өздерінің ғана емес, болашақ ұрпақтың да цифрлық мәдениетін қалыптастырады.

Студенттердің цифрлық ортада уақыт өткізуі өте жоғары, бұл олардың интернеттегі мінез-құлқы мен этикалық жауапкершілігіне тікелей әсер етеді. Сауалнамаға қатысушы студенттердің 1/5 бөлігінде цифрлық ортадағы жауапкершілік түсінігі әлі де төмен, 1/3 бөлігі цифрлық этиканы ескермейді. Академиялық адалдық мәселесі жастар арасында кең таралған. Бұл болашақ педагогтардың кәсіби-этикалық жауапкершілігіне тікелей әсер етуі мүмкін.

Студенттер цифрлық қауіпсіздік және жеке деректермен жұмыс жасаудағы қауіпті білсе де, практикада жиі сақтық танытпайды. Бұл болашақ педагогтар үшін үлгілік мінез-құлықтың жетілмегендігін көрсетеді.

Киберэтикет саласындағы қиындықтар эмоционалдық сауаттылық пен цифрлық ортадағы қарым-қатынас мәдениетін дамыту қажеттігін дәлелдейді. Педагог мамандығында бұл қабілеттер маңызды, себебі олар тек білім беруші ғана емес, ақпаратты жеткізуші және тәрбиеші рөлін де атқарады.

Медиасауаттылық бойынша алынған деректер студенттердің цифрлық кеңістікте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру қажет екенін көрсетті. Олар болашақта жас буынға медиамәдениетті үйретуі тиіс, ал бұл үшін өз деңгейлері жоғары болуы керек.

Цифрлық ортада этикалық нормалардың бұзылуының бірнеше негізгі себептері бар:

- көптеген студенттердің ғаламтор кеңістігінде өзін-өзі ұстау нормалары туралы білімдері жеткіліксіз. Олар әлеуметтік желі мен оқу платформаларындағы этика арасында айырмашылық барын ескермейді.

- жоғары оқу орындарында цифрлық мәдениет пен этика мәселелері ресми түрде оқытылмайды немесе тек жанама түрде қарастырылады.

- кейбір студенттер онлайн форматқа психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғыдан дайын емес.

Болашақ педагогтардың цифрлық кеңістіктегі этикалық мінез-құлқы олардың кәсіби дайындығы мен болашақтағы тәрбиешілік рөліне тікелей әсер ететін фактор. Зерттеу нәтижелері ЖОО-да цифрлық этика, медиасауаттылық бойынша арнайы пәндер енгізу қажеттігін көрсетеді. Бұл пәндер Горошко А. А., Савва Л. И. ұсынғандай, тек техникалық сауаттылықты емес, сонымен қатар кәсіби-этикалық бағдарларды да қамтуы тиіс [10]. Бұл ретте Сейітқазы П. Б., Сламбекова Т. С., Сулейменова Ж. Т., Ырымбаева Н. А., Кулдашева Н. У. ұсынған «Цифрлық этика және желілік коммуникативтік мәдениет» оқу-әдістемелік құралын бағдар ретінде пайдалануға болады [11].

Қорытынды

Зерттеу барысында педагогикалық мамандықтарда білім алып жатқан студенттердің цифрлық кеңістіктегі мінез-құлқының негізгі этикалық аспектілері анықталды. Студенттердің басым бөлігі цифрлық ортада этикалық нормаларды білгенімен, оларды күнделікті тәжірибеде әрдайым сақтамайтыны байқалды. Атап айтқанда, академиялық адалдық принциптері жиі бұзылады, жеке мәліметтерді жариялау кезінде қауіпсіздік қағидалары ескерілмейді, киберэтикетке қатысты қиындықтар кездеседі, ал медиасауаттылық деңгейі жеткілікті дәрежеде емес. Аталған көрсеткіштер болашақ педагогтардың кәсіби-этикалық дайындығы тұрғысынан маңызды мәселе болып табылады. Себебі педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақ үшін үлгі болатын тұлға. Сондықтан оның цифрлық кеңістіктегі әрекеті де үлгілі, саналы және жауапты болуы қажет.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1 ЖОО бағдарламаларына «Цифрлық этика» және «Медиасауаттылық» пәндерін енгізу, бұл пәндер аясында студенттерге ақпаратты тексеру, жалған жаңалықтарды ажырату, сенімді дереккөздерді талдау дағдыларын үйрету арқылы олардың цифрлық сауаттылығы мен этикалық мәдениетін дамыту қажет.

2 Академиялық адалдыққа қатысты арнайы семинарлар ұйымдастыру – плагиаттың зияны, өзіндік жұмыс жазу әдістері және дереккөздерді дұрыс рәсімдеу сияқты ұғымдарды нақты әрі практикалық түрде түсіндіру маңызды.

3 Кибербуллинг пен киберэтикет тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізу, бұл студенттердің онлайн кеңістіктегі қарым-қатынас мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

4 Әлеуметтік желілерде этикалық мінез-құлық кодексін әзірлеу – ЖОО студенттері арасында желілік этика мен жауапкершілікті нығайтып, цифрлық кеңістіктегі мәдениеттілік деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Apriliawati, R., Fitrianingrum, I.** Student ethical behaviors in online classes [Текст] // International Journal of Technology in Education. – 2022. – Vol. 5, № 3. – С. 423–439. – <https://doi.org/10.46328/ijte.230>.

2 **Balbua, M. E., Abdurashidova, M., Khalikov, U., Ismailova, N.** Educational ethics in the digital age: addressing contemporary challenges [Текст] // Proceedings of International Conference on Academic Studies in Technology and Education / eds. S. M. Curle, M. T. Hebebe. – Antalya (Türkiye), 2023. – P. 84–96.

3 **Abou Naaj, M., Nachouki, M.** Evaluating students' cyber ethics awareness in a gender-segregated environment under the impact of COVID-19 pandemic [Текст] // TEM Journal. – 2021. – Vol. 10. – № 3. – P. 1248–1256. – <https://doi.org/10.18421/TEM103-31>.

4 **Назарова, Ю. В., Анищенко, О. С.** Новая цифровая этика в виртуальном пространстве [Текст] // Гуманитарные ведомости ТГПУ им. Л. Н. Толстого. – 2019. – № 4(32). – Т. 1.

5 **Шишкова, А. В.** Цифровая этика в современном образовательном процессе [Текст] // Социально-гуманитарные знания. – 2019. – № 2. – С. 68–76.

6 **Иргалиев, А.** Цифрлық әлеуметтену тұжырымдамаларын талдау [Текст] // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2022. – № 4(75). – Б. 30–39. [Электронды ресурс] – <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1688> (қол жеткізілген күні: 28.04.2025).

7 **Dyussembekova, M., Amantayev, Y., Baishan, G.** Цифрлық технологиялар және олардың мемлекеттің білім беру саясатына ықпалы [Текст] // Қоғам және дәуір. – 2022. – № 73(1). – <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2022-1.04>.

8 **Сулейменова, Ж. Т., Сейітқазы, П. Б.** Жоғары оқу орнында студенттердің цифрлық этикет дағдыларын қалыптастыру [Текст] // European Research Materials. – 2024. – № 5. – Б. 128–136. [Электронды ресурс] <https://>

ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992 (қол жеткізілген күні: 16.05.2025).

9 **Катушенко, О. А.** Этические аспекты образовательной деятельности в цифровой среде: взгляд будущих педагогов [Текст] // Вестник Самарского государственного технического университета. Серия: Психолого-педагогические науки. – 2023. – № 4. – С. 5–16.

10 **Горошко, А. А., Савва, Л. И.** Цифровая этика и этические ориентиры подготовки будущих педагогов в цифровой образовательной среде [Текст] // Петровские чтения. – 2024. – № 2. – С. 85–90.

11 **Сейітказы, П. Б., Сламбекова, Т. С., Сулейменова, Ж. Т., Ырымбаева, Н. А., Кулдашева, Н. У.** Цифрлық этика және желілік коммуникативтік мәдениет : оқу-әдістемелік құрал. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 108 б.

References

1 **Apriliawati, R., Fitrianingrum, I.** Student ethical behaviors in online classes [Text] // International Journal of Technology in Education. – 2022. – Vol. 5, № 3. – P. 423–439. – <https://doi.org/10.46328/ijte.230>.

2 **Balbua, M. E., Abdurashidova, M., Khalikov, U., Ismailova, N.** Educational ethics in the digital age: addressing contemporary challenges [Text] // Proceedings of International Conference on Academic Studies in Technology and Education / eds. S. M. Curle, M. T. Hebebe. – Antalya (Turkiye), 2023. – S. 84–96.

3 **Abou Naaj, M., Nachouki, M.** Evaluating students' cyber ethics awareness in a gender-segregated environment under the impact of COVID-19 pandemic [Text] // TEM Journal. – 2021. – Vol. 10. – № 3. – S. 1248–1256. – <https://doi.org/10.18421/TEM103-31>.

4 **Nazarova, Yu. V., Anishchenko, O. S.** Novaya tsifrovaya etika v virtual'nom prostranstve [The New Digital Ethics in Virtual Space] [Text] // Gumanitarnye vedomosti TGPU im. L. N. Tolstogo. – 2019. – № 4(32). – Vol. 1.

5 **Shishkova, A. V.** Tsifrovaya etika v sovremennom obrazovatel'nom protsesse [Digital Ethics in the Modern Educational Process] [Text] // Sotsial'no-gumanitarnye znaniya. – 2019. – № 2. – P. 68–76.

6 **Irgaliyev, A.** Tsifrlyk әleumettēnw tūzhyrymdamalaryn taldaw [Analysis of the Concepts of Digital Socialization] [Text] // QazU habarshysy. Psikhologiya zhāne sotsiologiya seriiasy. – 2022. – № 4(75). – B. 30–39. [Electronic resource] <https://bulletin-psysoz.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1688> (Date of Access 28.04.2025).

7 **Dyussembekova, M., Amantayev, Y., Baishan, G.** Tsifrlyk tekhnologiyalar zhāne olardyn memlekettin bilim berw saiasatyna yqpalı Digital Technologies and Their Impact on the State's Educational Policy] [Text] // Qogam zhāne dāwir. – 2022. – № 73(1). – <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2022-1.04>.

8 **Suleymenova, Zh. T., Seyitqazy, P. B.** Zhogary oqw ornynda studentterdin tsifrlyk etikiet daǵdyların qalyptastyrw [Developing Students' Digital Etiquette Skills in Higher Education Institutions] [Text] // European Research Materials. – 2024. – № 5. – B. 128–136. [Electronic resource] <https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992> (Date of Access 16.05.2025).

9 **Katushenko, O. A.** Eticheskie aspekty obrazovatel'noy deyatel'nosti v tsifrovoy srede: vzglyad budushchikh pedagogov [Ethical Aspects of Educational Activities in the Digital Environment: The Perspective of Future Teachers] [Text] // Vestnik Samarskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Seriya: Psikhologo-pedagogicheskie nauki. – 2023. – № 4. – P. 5–16.

10 **Goroshko, A. A., Savva, L. I.** Tsifrovaya etika i eticheskie orientiry podgotovki budushchikh pedagogov v tsifrovoy obrazovatel'noy srede [Digital Ethics and Ethical Guidelines for the Training of Future Teachers in the Digital Educational Environment] [Text] // Petrovskie chteniya. – 2024. – № 2. – P. 85–90.

11 **Seyitqazy, P. B., Slambekova, T. S., Suleymenova, Zh. T., Yrymbayeva, N. A., Kuldasheva, N. U.** Tsifrlyk etika zhane zhelilik kommunikativtik madeniet : oqw-ədistemelik qural. [Digital Ethics and Network Communicative Culture: Educational and Methodological Manual.]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2021. – 108 p.

20.06.25 ж. баспаға түсті.

28.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. Ж. Исембаева*

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 20.06.25.

Поступило с исправлениями 28.07.25

Принято в печать 17.08.25.

ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОВЕДЕНИЯ СТУДЕНТОВ ВУЗОВ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ

В данной статье подробно и всесторонне рассматриваются этические аспекты поведения студентов педагогических специальностей в цифровой среде. Основной целью исследования является выявление и анализ поведения будущих педагогов в интернете и социальных сетях, включая уровень соблюдения академической честности, развитие медиаграмотности, соблюдение принципов киберэтикета, а также практику защиты личных данных.

В исследовании применялись методы опроса, полуструктурированных интервью и контент-анализа. Полученные результаты показывают, что уровень соблюдения этических норм студентами педагогических специальностей в цифровой среде является низким, а ряд существенных проблем распространён. В частности, часто встречаются нарушения академической честности, распространение ложной информации, небрежное отношение к защите личных данных, а также случаи кибербуллинга и грубого поведения в социальных сетях. Эти факты подчёркивают необходимость повышения профессиональной этики и цифровой культуры будущих педагогов.

В статье предлагается включить специальные дисциплины по цифровой этике и медиаграмотности в учебные программы, организовывать семинары и тренинги, а также разработать кодекс поведения в социальных сетях для студентов. Кроме того, исследование содержит конкретные научно-практические рекомендации, направленные на усиление ответственности будущих педагогов в цифровой среде. Материал статьи формирует методическую основу для всесторонней подготовки педагогов в соответствии с современными требованиями и доказывает необходимость комплексных мер по решению проблем цифровой этики.

Ключевые слова: цифровое пространство, цифровая этика, академическая честность, медиаграмотность, киберэтикет, цифровая культура.

*N. Zh. Issembayeva

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

Received 20.06.25.

Received in revised form 28.07.25.

Accepted for publication 17.08.25.

ETHICAL ASPECTS OF UNIVERSITY STUDENTS' BEHAVIOR IN THE DIGITAL ENVIRONMENT

This article provides a detailed and comprehensive examination of the ethical aspects of behavior of students in pedagogical specialties within the digital environment. The main objective of the study is to identify and analyze the behavior of future educators on the internet and social networks, including the level of adherence to academic integrity, the development of media literacy, compliance with cyberethics principles, as well as the practice of protecting personal data.

The study employed methods such as surveys, semi-structured interviews, and content analysis. The results indicate that the level of ethical compliance among pedagogical students in the digital environment is low, and several significant problems are widespread. In particular, frequent violations of academic integrity, dissemination of false information, careless attitudes towards personal data protection, as well as cases of cyberbullying and rude behavior on social networks were observed. These findings emphasize the need to improve the professional ethics and digital culture of future educators.

The article proposes the inclusion of specialized courses on digital ethics and media literacy in curricula, the organization of seminars and training sessions, as well as the development of a code of conduct for students on social networks. Furthermore, the study contains specific scientific and practical recommendations aimed at strengthening the responsibility of future educators in the digital environment. The material presented in the article forms a methodological basis for comprehensive teacher training in accordance with modern requirements and demonstrates the necessity of comprehensive measures to address digital ethics issues.

Keywords: digital space, digital ethics, academic integrity, media literacy, cyberethics, digital culture.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,19 Kb RAM

Шартты баспа табағы 35,56.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4441

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

4,19 Kb RAM

Усл.п.л. 35,56. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4441

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz